

Оқулық жазу шарттары және оның тәрбиелік негіздері

А. М. Таганова

С. Бөйішев атындағы Ақтөбе университеті аға оқытушы, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. 5-6 сыныптағы оқушыларға ана тілінен сапалы білім берумен қатар дарынды, сауатты, парасатты, жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, әлемдік, ұлттық, отбасылық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар тәрбиелеу жөнінде айтылады. Мақалада қазіргі заман сұранысына орай, педагогиялық, психологиялық, әдістемелік және т.б. негізгі талаптары сақталған оқулық жазу мәселесі жан-жақты талданады.

Қазақ тілі пәні – оқу осы тілде жүретін мектеп пәндерінің ішіндегі ең бастысы, бәрінің ортақ өзегі әрі ұйытқысы.

Қазақ тілі адамның түрлі коммуникативтік жағдайларға еркін араласып қатысуын, сауатты бағдарлай алу қабілетін дамытып, жүзеге асыратын табиғи тіл. Сондықтан пәннің тіл туралы оқушының қажетті білім алуына, ауызекі сөйлеуін дамытып, ойын жазбаша сауатты жеткізу біліктерін қалыптастыруға, дүниені көркем сөз өрнектері арқылы бейнелеп қабылдауына кеңінен жол ашатын танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктері мол.

Оқыту үдерісінде оқулықтың атқарар қызметі күрделі. Дидактикалық, әдістемелік тұрғыдан бүгінгі зерттеулер бойынша сүйене отырып айтсақ, оның атқарар қызметі алуан: а)білімді хабарлау, баяндау; ә)оқушыларды әр түрлі дағдыларға жаттықтыру, алған білімін өмір кәдесіне жарата білуге үйрету; б)белгілі пәнді білмекке ынталандыру, қызықтыру; в)сан түрлі хабарларды оқушылардың өздігінен пайдалана алуына жағдай жасау.

Оқулық – ғылыми жұмыстың ерекше бір түрі. Ол ғылыми идея мен тұжырымның дидактикалық тұжырыммен тоғысуынан жаралады. Егер де оқу пәнінің мазмұны, соның ішінде оқулық мазмұны сол пәнге негіз болған ғылым заңдылығына ғана, соның логикасына ғана құрылса, онда жақсы оқулық жасалмақ емес. Демек, педагогикалық проблеманы ескермейінше соның жетістіктеріне сүйенбей, иек артпай, оқулық жасау мүмкін емес. Әрине, мұнан ғылым заңдылығын, оның логикасын, жүйесін ескермеу, елемеу деген ұғым тумаса керек [1].

Қазіргі оқулықтарға қойылар талап та күрделі. Бүгінгі жаңа мектептегі оқулықтар идеологиялық, дидактикалық, эстетикалық, психологиялық, логикалық, тілдік, әдістемелік, полиграфиялық, экономикалық негізгі талаптар биігінде болуы керек. Сондай жағдайда ғана жаңа бітімді оқулық жасай алмақпыз.

Оқулық оқушыға ғылым негізін меңгертумен қатар, оны білік, дағдыға, алған білімін

өмір кәдесіне жаратуға баулуға тиіс. Бұл оқулықта мақсатты жүйелілікті жүзеге асыруға байланысты.

Оқулықта оқушылардың психологиялық ерекшеліктері де ескерілуі керек. Олай болса, психологиялық жүйелілік те оқулықтың сапалы болуының кілті. Оқулықты күрделі құрылым, біртұтас бітім, жүйе дейтініміз де содан.

«Жоғары білікті оқулық – дейді педагог ғалым И.Зверев, - ойлылық пен эмоционалдықты, ғылым мен көркемдікті, материалды бейнелі баяндаумен ұштастыру үлгісі» [2].

Қазақ тілінде оқытатын мектеп ашып, оқулық жазу ісі ХХ ғасырдың алғашқы 10-15 жылында едәуір жандана түсті. Бұл кезде қазақ зиялыларының әмбебап дарынды және қоғамдық-саяси белсенділігі күшті, қуатты шоғыры қалыптасқан еді. Олардың көпшілігі алғашқы қадамдарын мұғалімдіктен бастаған, ағарту ісіне жетік кісілер еді. Олар халықтың болашағын жас ұрпақты оқытып, оларға жаңаша білім, тәрбие беретін ұлттық мектеппен байланыстыра қарастырды.

Қазақ тілінде оқытын орта мектептер мен жекелеген факультеттерге арнап шын мәніндегі сапалы оқулықтар жазған аса көрнекті ғалымдар: Н.Сауранбаев, І.Кенесбаев, М.Балақаев, Қ.Жұмалиев, С.Аманжолов, Е.Бекмаханов, Б.Кенжебаев, М.Ақынжанов, М.Ғабдуллин, Т.Тәжібаевтің, оларға ілесе шыққан дарындар: С.Қирабаев, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, К.Аханов, Ә.Хасенов, Х.Әбілқайыптың т.б. ғалымдардың еңбегі ерекше. Алайда қоғамдық ғылымның өкілдерінен басқа ғылым салаларының қазақша ғылыми тілін қалыптастырып, аударма-түсіндірме сөздіктерін түзіп, оқулықтарын сапалы етіп аударған белгілі ғалымдар баршылық. Бұл ретте О.Жәутіков, Б.Бірімжанов, Т.Дарқанбаев, М.Ысқақов, Т.Мұсақұлов, Р.Бөкейхановтардың еңбегін ерекшелеп атамау әділеттік болмас еді. Олар өз оқулықтары арқылы әр түрлі ғылым саласы бойынша кейінгі ұрпақтарды даярлауға үлкен үлес қосты [2, 23-24 бб.].

Жас ұрпақты халқымыздың рухани байлығымен және қазіргі замандық біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың бойына жаңа сапалы дағдылар мен икемділіктерді дарытуда да жаңа буын оқулықтары үлкен рөл атқарады. Ал мұндай ауқымды, тарихи мәнге ие міндеттің үдесінен шығу және оны біршама қысқа мерзімде ойдағыдай іске асыру оңай шаруа емес.

Оқулық шығаруға қажетті объективті және субъективті шарт-жағдайлары сайма-сай өркеніетті елдердің өзінде жаңа оқулықты құрастыра бастаудан оны пайдаланушыларына – оқушылар мен оқытушыларға жеткізуге дейін, шамамен, бес жылдай уақыт кететін көрінеді.

И.Фогельсон бұл істе оқушының мынадай қасиеттерін қалыптастыратын оқулық болу қажет деп есептейді: а) ойлы және эмоцияналды түрде ғылыми материалды жеткізу; ә) кітапты таңдап оқуға үйрету; б) күнделікті басылымдардан өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты материалдар табу; в) сол материалдарды түсіне және талқылай білу; г) баланың ауызша және жазбаша тілін дамыту. Мұндай жетістіктерге жету үшін оқушының «танымдық, шығармашылық іскерлігін дамыту қажет» дей отырып, И.Фогельсон оқулыққа қойылатын талаптарды тек оқулықта берілетін материалдармен ғана шектестіреді [3].

Н.Байбуртян оқулық мазмұны мен түсі жағынан тартымды, онда берілетін оқу материалдары балалар түсінігіне ыңғайлы әрі қарапайым болу қажет деп оқулықтың бала өмірінде аса маңызды рөл атқаратындығын атайды [4].

Ал И.Лернер оқулыққа енетін элементтерді былайша айқындайды: «...жаңа оқыту жүйесін сипаттайтын әрбір оқулық 4 негізгі элементті қамтуы қажет:

1) ақпараттық (вербальды немесе көрнекі құралдары арқылы ұсынылған);

2) репродуктивті, яғни білім мен іс-әрекет әдістерін ұйымдастырушы;

3) шығармашылық іс-әрекетке ынталандырушы;

4) тәжірибені ақиқатқа әлеуметтік тұрғыдан бағытталған эмоционалдық қарым-қатынасты игеруге ықпал етуші» [5].

Оқулық түзуге қойылатын талаптар үш топқа біріктіріледі:

1. Оқулықта берілетін материалдар.

Бұл - басты талап. Себебі материалдарды дұрыс таңдап, оларды орын-орнына дұрыс қоя білу балалардың біліміне, сөздік қорының, тілінің дамуына игі ықпал жасайды. Ал материал-

дарды қалай өту, түсіндіру, қызғылықты өту – мұғалімнің міндеті.

2. Оқулықты безендіру ісі.

Дұрыс безендірілген оқулық балалардың кітапқа деген қызығуын арттырып, түрлі медициналық-гигиеналық талаптарға жауап береді.

3. Дидактикалық.

Оқулықта берілетін материалдар балалардың оқуға деген қызығуын оятуға түрткі болуы шарт.

Оны жетілдіруде мұғалімдердің алатын орны ерекше, сондықтан сабақта түрлі әдістер қолдану арқылы оқулықтың көмекші серіктерін (кестелер, диктант, шығарма, мазмұндама жинақтары, сызбалар мен түрлі көрнекілік құралдар, т.б.) дұрыс пайдалана отырып, сабақты өту керек.

А.Құсайыновтың айтуынша, оқулық түзушіге пәнді терең және жетік білуінің өзі де әсте жеткіліксіз, оқулық авторы мұның сыртында жан-жақты білімдар, ой-өрісі кең оқымысты, жалпы оқулыққа, оның ішінде өзі жазғалы отырған пән оқулығына қойылатын дидактикалық-әдістемелік талаптардан жете хабардар адам болуы тиіс. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиясы жөнінде терең түсінігі, бағдарламада көрсетілген білімдерді анық та тұжырымды, тартымды да жүйелі етіп жеткізе алатындай қалам шеберлігі де болуы керек. Бұларға қоса, кейбір пән оқулықтары үшін автордың мақсатты түрде айлар, жылдар бойы жинап-теріп, талғап-іріктеген сапалы да мол материалы болмаса, басқа шарты толық болғанымен, діндеген мақсатын ойдағыдай іске асыра алмауы әбден мүмкін.

Оқулық авторына қойылатын талап оқулықтың өзіне қойылатын талаптан әлдеқайда жоғары. Кез келген білімді не зиялы маман автор бола алады деу түсінбестік. Олар арнайы дайындалып, жан-жақты әзірліктен соң барып, оқулық жазуға кірісе алады. Бұл туралы «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты еңбектің авторлары төмендегіше тұжырым жасайды: «Оқулық теориясын, екінші сөзбен айтқанда, оқулық жазуға қойылатын дидактикалық талаптарды үңіле зерттеп, сол негізде жазбақшы оқулығына қатысты тыңғылықты әзірлік жұмысын жүргізбей тұрып, кім де болса, төтеден килігіп, сапалы оқулық жазып шығам десе, онысы – күпіршілік.

Қазақ тілі оқулығына автор болу арнайы дайындығы бар шын шебер ғалым-педагог, қаламгердің ғана қолынан келеді. Сол себепті де осылардан жақсы хабары бар немесе мехнатын

өз басынан кешкен кісіге оқулық жазу өте қиын да қызықты, азапты да қуанышты шығармашылық еңбек болса, білмеген кісіге үйде отырып, балаға ақыл үйретудің ар жақ, бер жағындағыдай оңай жұмыс көрінуі де ықтимал» [2, 36-43 бб.].

Қазіргі әлемдік ауқымдағы қайта құрулар, жедел ақпараттандыру, экономикалық саладағы түбегейлі өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттігін туындата-тыны анық.

XXI ғасыр – білім ғасыры болса, жас ұрпақтың ой-өрісінің даму үрдісін (тенденциясын) заман талабына сай дамыту бүгінгі мектеп құрылысына үлкен өзгеріс енгізді. Жас ұрпақ – егеменді еліміздің есті азаматы болып өссе, ол қоғам үшін де үлкен мұрат. Ол үшін оқу үдерісі барысында оқушылардың білім деңгейін арттыру, танымдық қабілетін дамыту, ой-өрісін кеңейту жеткіліксіз. Сонымен қатар, оларды бүгінгі күннің сұранысына сай мектеп қабырғасында адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматтар ретінде тәрбиелеуіміз керек. Өйткені, қазіргі таңда оқушыны пәндік, білім, білік дағдыларының бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу үдерісін қалыптастыру негізінде оқушылардың жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады. Ең алдымен білім, білік дағдыларын меңгерудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәрбиесінің қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделінеді.

Тәрбие – ол жеке тұлғаны дамытуға, қазіргі заманғы мәдениетке сай, жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған ұстаздың мақсатты кәсіптік қызметі. Тәрбие – баланы әлеуметтік даму факторы ретінде қабылдап, мәдениеттің барлық қол жеткен табыстарын игеруге мүмкіндік беретін, оның жоғары мәдени деңгейде дамуына әсер ету.

И.П.Подласый тәрбие ұғымын төмендегіше түсіндіреді: «Педагогикалық тар мағынада алғанда тәрбие – белгілі бір тәрбиелік мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, тәрбие жұмысының нәтижесі» [6].

Ғалымдар Н.В.Бордовская мен А.А.Реан тәрбие ұғымына мынадай анықтама береді: “...тәрбие жеке тұлғаны немесе адамдар тобын қайта өзгерту іс-әрекетінің бір түрі болып табылады. Бұл практика арқылы іске асатын іс-әрекет психологиялық күйді, көзқарасты және сананы, білім мен іс-әрекет қабілеттілігін, тәрбиеленушінің жекелік және құндылық бағдарлауларын өзгертуге бағытталады”.

Ал Н.В.Бордовская мен А.А.Реанның пікірінше, бүгінгі таңда тәрбие ұғымы мынадай мәселелерді қамтиды:

- әлеуметтік тәжірибе мен әлемдік мәдениеттің берілуі;
- жеке адамға, адамдар тобына немесе ұжымға тәрбиелік ықпал (тура және жанама);
- тәрбиеленушінің іс-әрекеті мен өмір сүру салтын ұйымдастыру;
- тәрбиеленуші тұлғасының дамуына жағдай тудыру, яғни оған отбасылық мәселелерде, оқудағы қиындықтарда, кәсіби іс-әрекетте немесе қарым-қатынаста көмек көрсету және қолдау [7].

Әдіскер-ғалым Н.Ж.Құрманова: «...тану тәрбиенің де, рухани тәрбиенің де түпкі мақсаты – адамшылықты тәрбиелеу. Оның айқын жолы – баланың, жасөспірімнің дүниенің сырын тануға деген құлшынысын ашу, қалыптастыру, дамытып отыру» дей келе, тәрбие берудегі өзіндік деңгейлер бар екенін айтады. Олар:

I деңгей – Әлемдік көзқарас, әлемдік құндылық бағыты тәрбиесі.

II деңгей – Жер шарындағы рухани және материалдық құндылықтарды меңгерту тәрбиесі.

III деңгей – ұлттық шеңбердегі руханият пен материалдық құндылық тәрбиесі.

IV деңгей – отбасылық рухани дәстүр мен материалдық мирас тәрбиесі.

V деңгей – әрбір жеке адамның өзінің дербес рухани әлемі мен материалдық құндылыққа деген көзқарасын қалыптастыру [8].

Ғалымның айтуынша, тәрбиелік үдеріс осы аталған бес деңгейдің айналасында қарастырылуы тиіс.

Сондықтан да, орта мектеп алдында негізгі мақсаты – тәрбие әрекетінің қажетті бағытталуын дұрыс ұйымдастыру болып табылады.

Білім беру саласында тәрбие мәселесі әрқашан да өзекті, өйткені өскелең ұрпаққа қандай құлықтылық бастауы берілсе, ұрпақтың қандай қоғам құратындығы және болашақта олардың қандай мұраттарды үгіттейтіндігі осыған негізделеді.

Әдіскер-ғалым Н.Ж.Құрманова жасөспірімді тәрбиелеуді төмендегі бағыттарда жүргізілген дұрыс деп санайды:

- **Әлемдік тәрбие** беруде Абайдың «27 қара сөзіндегі»: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтуғынын көресің. Бұлардың

бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл хисабына, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бірі-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды» – деген ұлағатты қағидасына сүйенеміз.

- **Жалпы адамзат баласына** деген құрметке баулу да Абайдың: «Адам баласын сүй, адам баласы – бауырын» деген ойы концепция ретінде алынады.

- **Ұлттық жан-дүниені қалыптастыру** – оқушылардың, болашақ қазақ азаматтарының, санасын Абайдың ізімен: «Қалың елім, қазағым қайран жұртым» дей алатын дәрежеге көтеруден басталады.

- **Аймақтық тәрбие** – кең-байтақ Қазақстанның әрбір бөлігі – Отанның ыстық топырағы дейтін түсінік тууына игі әсерін тигізетіндей ұйымдастырылуын талап етеді.

- **Отбасылық тәрбие** – ата-ананың, бауырдың, ағайынның қадірін жақсы білетін, сезімтал, сол арқылы адамзат баласына деген сыйластығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыра алатын бала тәрбиелеуге бағытталады.

- **Жеке бас тәрбиесі болса** – әрбір адам өзінің осы Жер бетіндегі өмірінің уақытша екендігін анықтаудан туындайды. Өйткені, осылай тәрбиеленген әрбір адам ғана екінші адамға да дәл өзіндей қарай, бағалай алады. Міне осы аталған бағыттар жасөспірімдерді тәрбиелеудің негізіне алынуы қажет деп санаймыз.

Әлемдік тәрбие беруде өскелең ұрпақта әлемдік сананы тәрбиелеу мәселесі білім беру саласында ерекше орын алады.

Ғалым Н.Құрманованың тұжырымдауынша, «әлемдік сананы тәрбиелеу – тым асқақтап кету емес, тұтас дүниетаным қалыптастырудағы негізгі міндет, жүйелік көзқарас қалыптастыру» [8, 65].

Жас ұрпақта әлемдік көзқарасты қалыптастыруда, ең алдымен, бүкіл әлемге әйгілі көне ғасырлардан сақталып келе жатқан қазақ халқының асыл мұраларын басшылыққа алып отыруды қажет етеді. Осындай мәдени құндылықтардың бірі Орхон-Енисей ескерткіштері болып саналады. Өйткені, бұл ескерткіштер, ғалымдар-зерттеушілердің сөзімен айтқанда: «...тарихи мазмұны мен деректанулық тұрғыдан аса

құнды. Онда Түрік Елінің саяси тарихы толықтай қамтылмаса да, едәуір дәрежеде хатталынып қашалған. Сондықтан Орхон бітіктастары мен ескерткіштері ішінде ең ірісі Білге қаған бітіктасы мен Күлтегін бітіктасында көне түріктердің этносаяси тарихы, этномәдениеті және тағы басқа жақтарына қатысты мол деректер бар. ...Орхон бітіктастары мен ескерткіштері археологиялық, тілдік, мәтіндік, археографиялық және т.б. этносаяси, этноэлеметтік, этномәдени тұрғыдан көптеген жайттарды анықтауға мол септігін тигізетін аса мол мұралар болып табылады» [9].

Жасөспірімдерді осындай біздің ата-бабаларымыздың көне жазуы, мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы құнды мағлұмат бере алатын рухани мұрамен таныстырудың тәрбиелік-танымдық маңызы зор екені даусыз. Сондықтан б-сыныптағы қазақ тілі оқулығында, оқушыларға ана тілін терең таныту мақсатында, аталған ескерткіштердегі қазақ тіліне қатысты тілдік фактілердің берілуі өте құнды.

Қазақ тілі оқулығында әрбір грамматикалық тақырып бойынша грамматикалық түсінікке қоса, оқулық авторлары қосымша мағлұмат ретінде Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық ережелерді ұсынады. Бұл жөнінде оқулықтың авторлары: «Қазіргі қазақ тілі – көне түркі тілінің бір бұтағы. Сондықтан, біздің тіліміздегі көптеген тілдік құбылыстардың заңдылықтардың дені, сол көне тілден бастау алады. Бұдан былай біз сендерді көне түркі тілінің айнасы - Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық заңдылықтармен де таныстырып отырамыз», – деп жазады.

Ал әдіскер-ғалым Н.Құрманова: «Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі ұлағаттар жазылуының өзі – соған жеткізуге мүмкіндік берген даму нәтижесі. Сонда, тәрбиенің жас ұрпаққа өзіне дейінгі және өзінің кезеңінде түйсікке түйген құндылық қасиеті таныла түседі», – дейді [8, 68].

Үлкен танымдық ақпаратты көрсетумен қатар, Орхон-Енисей ескерткіштері болашақ ұрпақ үшін мол рухани байлық болып табылады. Сонымен қатар әлемдік құндылықтармен танысу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі жетіліп, тұлғалық қасиеттері жан-жақты дамиды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының болашақ азаматтарына патриоттық тәрбие берудің көзі де отбасын танып білуден және оны сүюден басталады. Тек отбасында ғана жоғары рухты, білікті де парасатты, отансүйгіш еліміз-

дің болашақ азаматтары қалыптасады. Олай болса, оқушыларға біздің жазушыларымыз жазған көркем әдебиеттерде отбасылық тәрбие жайлы көптеген мағлұмат беру өте тиімді.

Оның дәлелі ретінде (Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық) 5-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығындағы 126-жаттығуда берілген Б.Момышұлының ой-пікірлерін келтірген дұрыс: «*Ешкім батыр болып тумайды. Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап, адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмашылдық рухта ер жеткен бала мектеп, қоғам тәрбиесін де бойына тез сіңіреді. Батырлықтың негізі бауырмашылықтан туады. Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден туады. Ал Отанды сүю, үй ішіңнен, отбасынан өседі. Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап, құрметтеген жан халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген ер атанады. Өйткені ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе» [9, 56].*

Біздің ұлы ақынымыз Абай отбасы, ата-ана, бала туралы өз пікірлерін философиялық, өмірлік тәжірибеге толы *Қара сөздерінде* жеткізген. Мысалы, Абайдың жетінші қара сөзінде «адам болу» туралы жазады: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жармайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады».

Сондықтан, бала тәрбиесінде Абайдың «адам болу» тұжырымдамасын негізге ала отырып, жас ұрпақты адал да ізгі адам болып өсіру үшін қазақ халқының әйгілі ақын-жазушыларының құнды ой-пікірлерін, ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраларын белсенді түрде пайдалануы тиіс.

6-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығында: «*Тіл тазалығы, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күресу – мәдениет құралы үшін күресу»* (Ө.Хасенов), «*Ана тілін құрметтемеу – анаңды да сыйламау деген сөз»* (Ф.Мүсірепов) (263-жаттығу, 135-бет, 6-сынып) [10, 135 б.].

5-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығында: *Т.Әбдірахманованың «Ана тілім – әрекеті азығы» өлеңі* (4-жаттығу, 5-бет), *Н.Айтовтың «Ана тілім» өлеңі* (31-жаттығу, 15-бет), *Ш.Айтматов-*

тың ана тілі туралы пікірі (6-жаттығу, 6-бет). Қазақ тілі сабағында оқушылардың жан-дүниесінің рухани және өнегелі баюына әсер ете алатын тілдік материал пайдалану өте тиімді. [9, 6-15 бб.].

Сондықтан оларды грамматикалық ережелерді меңгеру мақсатында тапсырмалар ретінде ұсынылуы өте тиімді. Өйткені, біріншіден, оқушылар өткен грамматикалық тақырыпты игереді, екіншіден, тәрбиелік мәні зор материалдармен танысады. Мысалы, 144-беттің 332-жаттығуындағы келтіріп отырған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов пен Расул Ғамзатовтың арасындағы әңгімелесу жасөспірімдер үшін тәрбиелік маңызы зор мәтін деп санаймыз.

Сайып келгенде бүгінгі таңда мектептің маңызды міндеттерінің бірі - қазіргі заманға сай 5-6 сыныптағы оқушыларға ана тілінен сапалы білім берумен қатар дарынды, сауатты, парасатты, жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, әлемдік, ұлттық, отбасылық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар тәрбиелеу.

Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, танымдық-ғибраттық, тарихи-мәдени және діни-рухани мұраларды қастерлей, сақтай білетін Қазақстан Республикасының болашақ азаматтарын қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Қ., Ү.Ә.Асыллов. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 32 б.
2. Зверев И. Каким быть учебнику? – М.: Просвещение, 1987.
3. Фогельсон И.А. Учебники и пути его развития. Кітапта: Вопросы теории составления школьного учебника. – М., 1982.
4. Байбуртян Н.М. Основы теории составления учебников русского языка в армейских школах. – М.: Педагогика, 1988.
5. Лернер И.Я. Вопросы теории школьного учебника // Дидактические основы учебника. – М., 1982.
6. Подласый Л.С. Педагогика – М.: Педагогика, 1992.
7. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – Санкт-Петербург: Питер, 2000. – 304 с.
8. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. – Ақтөбе, 2001. – 298 б.
9. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына

арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2001. – 192 б.

10. Исаев С., К. Назарғалиева 6 класқа арналған қазақ тілі оқулығы. – Алматы: Мектеп, 1994. – 208 б.

* * *

В статье затрагиваются проблемы качества преподавания родного языка в современной школе, а также

воспитания разносторонне развитой личности, в том числе вопросы социокультурного, патриотического, семейного воспитания подрастающего поколения.

* * *

The problems of teaching the native language in modern schools are broached in this article. The author touches upon the questions of upbringing a versatile person as well as social-cultural and patriotic upbringing of a young generation.

Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі

М. Ә. Мұстафина

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың п.ф.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының арасында кездесетін үлгірмеушіліктің болу себебі олардың сабақты толық меңгере алмауымен ғана шектелмейді, мұның өзі оқушының естігенін, тыңдағанын ұмытуымен да байланысты.

Ал ұмыту сабақ процесінде, біздіңше, игерілетін материалдың ауырлығына немесе жеңілдігіне байланысты. Материалдың күрделі болуы көпшілік оқушыны құр жаттауға итермелейді. Мұның аты – білім негізін түсінбеу деген сөз. Ал жеңіл материалдың тез ұмытылу себебі – оны оқушы оңай игереді де, кейін оған оқушы көп назар аудармайды. Бұл сияқты көріністермен күресуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді. Оқушы білімінің тиянақты болуы, түсінігінің дұрыс қалыптасуы үшін жаңа сабақты түсіндіру процесінде оларды үнемі тартып, әрекетке араластырып отыру қажет. Жаңа материалға байланысты білгенін ортаға салу, оның құпияларын ашу үшін өз үлесін қосу немесе түсінгенін өз білгенімен салыстыру сияқты жұмыстар оқушыларды сабақ үстінде сергек ұстап, сабаққа деген ынтасын арттырады. Міне, осы бағытта жүргізілетін жұмыстың негізгі бір түрі – сабақ өтудің проблемалық әдісі. Кей мұғалімдер «неге?» деген сұрақ қоятын жерде ғана оқу проблемасы бар деп түсінеді. Проблемалық оқыту - мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттері мен ол мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды. Проблемалық оқытудың мақсаты - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, процессінде

меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту - ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Проблемалық оқытудың негізі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдаят пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Оқыту технологиялары оқушының тұрақты жоғары нәтижелерге қарай біртіндеп сатылай жылжуын, жаңа оқу ақпараттары мен біліктіліктерді меңгеру мақсатына жақындау деңгейлерін әр қырынан бағалау және өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерінің туындауын қамтамасыз етеді.

Әдетте оқушыларға жартылай таныс немесе бұрын өтілген тақырыпқа қатысты қалыптасқан кейбір түсініктеріне сүйене отырып игерілетін тақырыптар болады. Ондай тақырыптарды оқушылардың өздігінен жұмыс жүргізуі негізінде меңгертуге болады. Бұл үшін оқушыларға олардың шамасы жетерліктей лайықталған сұрақтардан құралған проблемалар тізбегі ұсынылады. Сұрақтардың шешімін табу